

Амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар мен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлік тегін босатылатын науқастар түрлерінің және тұрғындарының жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 891 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 30 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3319. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 637 бұйрығымен (қоладыңса енгізілу тәртібін 8-тармақтан қараңыз).

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 637 бұйрығымен (қоладыңса енгізілу тәртібін 8-тармақтан қараңыз) .

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар мен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлік тегін босатылатын науқастар түрлерінің және тұрғындардың жекелеген санаттарының тізбесі бекітілсін.

2. Емдеу-алдын алу ісі, аккредиттеу және ақпаратты талдау департаменті (Нерсесов А.В.) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Әкімшілік департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. "Амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар мен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлік тегін босатылатын науқастар түрлерінің және тұрғындардың жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы" (N 3031 нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 554 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді және 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап құқықтық қатынастарға қолданылады.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2004 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 891 бұйрығымен бекітілген

Амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар мен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлік тегін босатылатын науқастар түрлерінің және тұрғындардың жекелеген санаттарының тізбесі

Ескерту: Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 17 маусымдағы № 282 бұйрығымен .

Науқастар түрлерінің және тұрғындардың жекелеген санаттары	Босатылатын препараттардың тізбесі
Онкологиялық аурулар	Морфин, 1 мл 1% ампулада инъекция үшін ерітінді Тримепиридина гидрохлорид 1 мл 1% ампулада инъекция үшін ерітінді Хаттамаларға сәйкес химиотерапия
Гематологиялық аурулар (темір тапшылықты анемиядан басқа)	Морфин, 1 мл 1% ампулада инъекция үшін ерітінді Тримепиридина гидрохлорид 1 мл 1% ампулада инъекция үшін ерітінді Хаттамаларға сәйкес химиотерапия
Психикалық аурулар	Вальпроевті қышқыл, 150 мг, 300 мг, 500 мг таблетка Диазепам, 2 мг, 5 мг таблетка Кломипрамин, 25 мг драже Лития карбонат таблетка, 300 мг қапшық Трифлуоперазин, 5 мг таблетка; 2 г инъекция үшін ерітінді Хлорпромазин, 25 мг, 100 мг таблетка Галоперидол, 1,5 мг, 5 мг, 10 мг таблетка Амитриптилин, 25 мг, 50 мг таблетка Карбамазепин, 100мг, 200мг таблетка
Эпилепсия	Вальпроевті қышқыл, 150 мг, 300 мг, 500 мг таблетка

	<p>Диазепам, 2 мг, 5 мг таблетка Карбамазепин, 100 мг, 200 мг таблетка Фенитоин, 117 мг таблетка Фенобарбитал, 50 мг, 100 мг таблетка Бензобарбитал 100 мг таблетка</p>
Туберкулез	DOTS - терапия үлгісі бойынша препараттар
Қант диабеті және қантсыз диабет	<p>Еритін инсулин, 100 МЕ/мл инъекция үшін ерітінді Орташа әсер ететін инсулин, 100 МЕ/мл инъекция үшін суспензия Орташа әсер ететін инсулин бар еритін инсулин қоспасы, 100 МЕ/мл инъекция үшін суспензия Глибенкламид, 3,5 мг, 5 мг таблетка Гликлазид, 30 мг, 80 мг таблетка Глимепирид, 1 мг, 2мг, 3 мг, 4 мг таблетка Метформин 500 мг, 850 мг, 1000 мг таблетка Репоглинид 0,5 мг, 1 мг, 2 мг Пиоглитазон 15 мг, 30 мг Десмопрессин 0,1 мг, 0,2 мг таблетка; 1 мл ампуладағы ерітінді</p>
Мерез	<p>Бензатин бензилпенициллин, 500000 ЕД, 1000000 ЕД сауыттағы инъекция үшін ұнтақ Цефтриаксон, 250 мг, 500 мг, 1000 мг сауыттағы инъекциялық ерітінді дайындау үшін ұнтақ</p>
ЖҚТБ, АҚТҚ жұқтырған адамдар	Хаттамаларға сәйкес антиретровирусты терапия
Бруцеллездің түрі ауыр	<p>Доксициклин, 100 мг таблетка, қапшық Ципрофлоксацин, 250 мг, 500 мг таблетка, 200 мг/100 мл сауыттағы инфузия үшін ерітінді Диклофенак натрия, 25 мг, 100 мг, 150 мг таблетка; 75 мг/3 мл инъекция үшін ерітінді; 50 мг, 100 мг ректальды суппозиторий, май</p>
Жүйелі (жіті) қызыл жегі	<p>Преднизолон, 5 мг таблетка, 30 мг/мл инъекция үшін ерітінді Азатиоприн, 50 мг таблетка Диклофенак натрия, 25 мг, 100 мг, 150 мг таблетка; 75 мг/3 мл инъекция үшін ерітінді; 50 мг, 100 мг ректальды суппозиторий, май</p>
Жүйелі, созылмалы, ауыр тері аурулары	<p>Лоратадин, 10 мг таблетка Кетотифен, 1 мг таблетка</p>

	Преднизолон, 5 мг таблетка Бетаметазон, 0,1% крем, май Гидрокотризон, 1% крем, май
Бронх демікпесі	Беклометазон, 200 доз аэрозоль Ипратопия бромид, 100 мл аэрозоль Кромоглициевті қышқыл, 1 мг, 5 мг/дозадағы аэрозоль Сальбутамол, 100 мкг/дозадағы а э р о з о л ь Теofilлин, 100 мг, 200 мг, 300 мг таблетка, 350 мг ретард таблетка
Бехтерев ауруы	Сульфасалазин, 500 мг таблетка Диклофенак натрия, 25 мг, 100 мг, 150 мг таблетка 75 мг/3 мл инъекция үшін ерітінді; 50 мг, 100 мг ректальды суппозиторий, май
Аддисонов ауруы	Преднизолон, 5 мг таблеткалар
Гипофизар ергежейлілігі	Соматотропин, 18 МЕ, 36 МЕ инъекциялық ерітінді дайындау үшін лиофилденген ұнтақ, 5 мг/1,5 мл, 10 мг/1,5 мл инъекция үшін ерітінді
Жыныстық ерте даму	Трипторелин, 3,5 мг инъекциялық ерітінді дайындау үшін ұнтақ Бромокриптин, 2,5 мг таблетка
Фенилкетонурия	Құрамында фенилаланин жоқ арнайы өнімдер
Муковисцидоз	Панкреатин, кем дегенде 4500 ЕД липаздардан тұратын таблетка, қапшық
Балалар церебральды сал ауруы	Вальпроевті қышқыл, 150 мг, 300 мг, 500 мг таблетка
Паркинсон ауруы	Тригосифенидил 2 мг таблетка Леводопа+ карбидопа 250 мг/25 мг таблетка
Бұлшық ет әлсіздігі	Пиридостигмин, 60 мг таблетка, 5 мг/мл 1 мл ампулада инъекция үшін ерітінді
Миопатия, Мари мишық қимыл үйлесімсіздігі	Пирацетам, 200 мг таблетка Нандролон, 50 мг/мл инъекция үшін майлы ерітінді
Жіті ауыспалы порфирия	Морфин, 1% 1 мл ампулада инъекция үшін ерітінді Трифлуоперазин, 5 мг таблетка; 2 г инъекция үшін ерітінді
Миокард инфаркті (алғашқы 6 ай)	Ацетисалицилді қышқыл 100-500 г таблетка Атенолол, 50 мг, 100 мг таблетка Верапамила гидрохлорид 40 мг, 80 мг т а б л е т к а

	Изосорбида динитрат, 5 мг, 10 мг, 20 мг, 40 мг, 60 мг Эналаприл таблетка 2,5 мг, 10 мг
Балалар гемофилиясы	VII белсенді рекомбинантты фактор, 1,2 мг, 2,4 мг ұнтақ Фактор VIII концентрат, порошок лиофилизированный 100 МЕ, 250 МЕ, 500 МЕ
Жүкті әйелдер	Екі валентті тұз темірі, с бір компонентті препараттар мен аскорбинді және фолиевті қышқылы бар комбинациядағы кем дегенде 30 мг аса темірден тұратын таблеткалар (анемияның алдын алу үшін - 30 күн курс, емдеу үшін - 30 күннен 2 курс) Калий йодид, 100 мг, 200 мг (йод тапшылығының алдын алу үшін - 30 күннен 3 курс) таблетка
1 жасқа дейінгі балалардың аурулары	
Пневмония, асқынбаған нысаны (емдеуге жататын 2 айлық балаларды қоспағанда)	Амоксициллин, 250 мг/5 мл суспензия дайындау үшін түйіршіктер 15 мг/5 мл, 30 мг/5 мл амброксол шырыны Парацетамол, 2,4% ішетін шырын
Обструктивті бронхит (емдеуге жататын 2 айлық балаларды қоспағанда)	Амоксициллин, 250 мг/5 мл суспензия дайындау үшін түйіршіктер 100 мг/доза дағы сальбутамол аэрозолы Теofilлин, 100 мг таблетка Парацетамол 2,4% ішетін шырын
Жіті бронхит	Амброксол, 15 мг/5 мл, 30 мг/5 мл шырын Парацетамол, 2,4% ішетін шырын
Жіті респираторлы аурулар	Парацетамол, 2,4% ішетін шырын 0,25% оксолинді майы
Жіті фарингит/тонзиллит	Бензатин бензилпенициллин, 500000 ЕД, 1000000 ЕД сауыттағы инъекция үшін суспензия дайындау үшін ұнтақ Цефаликсин, 250 мг, 500 мг таблетка, қапшық, 125 мг, 250 мг/5 мл ішу үшін шырын мен суспензия Парацетамол, 2,4% ішетін шырын
Орта және/немесе сыртқы отит	Амоксициллин, 250 мг/5 мл суспензия дайындау үшін түйіршіктер Парацетамол, 2,4% ішетін шырын Фрамицетина сульфат 5 мг + Грамицидина, 50 мкг + Дексаметазона метасульфобензоат 500 мкг/м құлақ тамшылары
Стоматит	

	0,25% оксолинді майы 1% клотримазол кремi, майы
Темір тапшылығы анемиясы	Екі валентті тұз темірі, бір компонентті препараттар мен аскорбинді және фолиевті қышқылы бар комбинациядағы 20 мг/мл тұз темірінен тұратын ішетін ерітінді
Жіті ішек жұқпалары (іш өту)	Глюкозді-электролитті ерітінді (пакеттер, ұнтақ) дайындау үшін ішетін регидратациялық тұз Сульфаметоксазол + триметоприм, 240 мг/5 мл ішетін суспензия
Мешел, алдын алу және емдеу	Эргокальциферол, 10 мл су ерітіндісі Кальция глицерофосфат, 250 мг таблетка
Жаңа туу кезеңіндегі аурулар (алдын алу және емдеу)	Ана мен балаға арналған дәрі-дәрмек қобдишасы
1 жастан 5 жасқа дейінгі балалардағы аурулар	
Пневмония, асқынбаған нысаны	Амоксициллин, 250 мг/5 мл суспензия дайындау үшін түйіршіктер 15 мг/5 мл, 30 мг/5 мл амброксол шырыны Парацетамол, 2,4% ішетін шырын
Обструктивті бронхит	100 кг/дозадағы сальбутамол аэрозоли Амброксол, 15 мг/5 мл, 30 мг/5 мл ішетін шырын
Жіті респираторлы аурулар	Парацетамол, 2,4% ішетін шырын Амброксол, 15 мг/5 мл, 30 мг/5 мл ішетін шырын
Жіті фарингит/ тонзиллит	Бензатин бензилпенициллин, 500 000 ЕД, 1 000 000 ЕД сауыттағы инъекция үшін суспензия дайындау үшін ұнтақ Амоксициллин, 250 мг/5 мл сауыттағы инъекция үшін суспензия дайындау үшін түйіршіктер
Темір тапшылығы анемиясы	Екі валентті тұз темірі, бір компонентті препараттар мен аскорбинді және фолиевті қышқылы бар комбинациядағы 20 мг/мл тұз темірінен тұратын ішетін ерітінді
Жіті ішек жұқпалары (іш өту)	Глюкозді-электролитті ерітінді (пакеттер) дайындау үшін ішетін регидратациялық тұз, ұнтақ Сульфаметоксазол + триметоприм, 240 мг/5 мл ішетін суспензия
	Мебендазол, 100 мг шайнайтын таблетка

Энтеробиоз	
Ерте жастан жасанды немесе қоспалармен қоректендіретін бір жасқа дейінгі балалар; медициналық айғақтар бойынша шипалы тағамға мұқтаж үш жасқа дейінгі балалар	Балаларға арналған және шипалы тағамдық өнімдер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК